



The New Color of Money
Safer. Smarter. More Secure.

www.moneyfactory.gov/newmoney

**ДЕРЕУ ЖАРИЯЛАНУҒА АРНАЛҒАН
28-ші Қыркүек, 2005 ж.**

БАЙЛАНЫСАТЫН ТҰЛҒАЛАР:

Дон Хейли немесе Клаудия Диккенс, 202/874-3019
Ақша соғу және Баспа бюросы

Роуз Пианальто немесе Джеффри Смит, 202/452-2955
Федералдық резерв Басқару бөлімі

Қоғамдық Қызмет Офисі, 202/406-5708
АҚШ Құпия қызметі

Пенни Козакос, 202/530-4887
New Color of Money ақпараттық қолдау қызметі

10-долларлық банкноттын жаңа түсі
2006-шы жыл басында таныстыру топтамасының үшінші банкноты.
Ақшаның жаңа түсі жақсырақ қорғалған, тианақтылау және қауіпсіздеу
программасының ақырғы банкноты.

Нью-Йорк - (28-ші Қыркүек, 2005 ж.) - Бүгін Америка Құрама Штаттарының Үкіметі 10-долларлық банкнотының жаңа қауіпсіз дизайнымен таныстырды. Ол 2006-шы жылдың басында айналымға енгізіледі. Еркіндік статуясының алауымен және АҚШ Конституциясынан алынған “We the People” сөздерімен ерекшелінген жаңа 10-долларлық банкнот тексеруге оңай белгілерін және сарғылт, сары, қызыл түстерін сақтайды.

“Біз валютаны әрбір жеті жылдан он жылға дейінгі аралықта қайта үлгілеуді көздеп отырмыз, бұл жалған ақша жасаушылардың алдын алу мақсатында жасалып отырған шара”, деді Қаржы Бөлімінің Хатшысы Джон В. Сноу. “Жаңадан өңделген қауіпсіздік белгілері осы 10 долларлық банкнотаға және де келесі жаңа топтамадағы 20 және 50 долларлық банкноталарға енгізілген – бұл біздің валютаға әлемдік деңгейде сенімділік тудырады.”



10-долларлық банкнот жаңа дизайнды ақша топтамасындағы үшінші деноминациясы, одан кейін 100-долларлық банкноттың өзгерту кезегі келеді. Жаңадан өзгертілген 20 және 50-долларлық банкноттар түгел айналымда қолдануда. АҚШ Үкіметі қызметкерлерінің айтуы бойынша, жақсарылған қорғалым сипаттамаларын қолдану және техникасы кәшіанда өзгеріп тұратын жалған ақша жасаушыларды артта қалдыру үшін АҚШ үкіметі 7-10 жыл сайын купюраларының сыртқы өңін өзгертіп тұрады.

АҚШ Қаржы Министрі Анна Ескобедо Кабрал – “Жаңа банкнот таныстыруымен қатарлы қоғамдық білім программасы жалғастыруда. Ол жаңа 10-долларлық банкноттың ерекшеліктерін білу және біздің валютаға жалпы сезінуін көтеруде. Банкноттың қорғалым ерекшеліктерін және оның пайдалануын білетін жұртшылық - біздің ең жақсы адақтас жалған ақша жасаушыларды артта қадыру істе.” – деді.

Федералдық резерв вице-президенті Роджер В. Фергюсон жаңа 10-долларлық банкнот 2006-шы жыл басында енгізілген кезде – “Сізге ескі 10-долларлық банкноттарыңызды жаңаға айырбастаудың қажеті жоқ. Ескі және жаңа купюралар толық номинал құны бойынша қабылданады.” – деп мәлімдемеді. 1861 жылдан бері АҚШ-та шығарылған кез келген банкнот қазір жарамды және толық құнды. “Федералдық резерв ешқашан өз АҚШ валютасын кері шақырмаған” – деді Фергюсон.

Жаңа 10-долларлық банкнот, 2003-2004 жылдары енгізілген 20 және 50-долларлық банкноттар қатарлы бойынша жалған ақша тежеу көркем өнер қорғалым белгілерін сақтайды. Олар арасында нақты ақша қолданушылармен және пайдаланушыларға оңай танымалық мағыналы үш белгісі.

- Түстің өзгеруі: Банкноттың төменгі оң жақ бурышындағы 10 санын жоғары-төмен қозғасаңыз өзгермелі түс қызғылт мыс тәрізді түстен жасылға өзгереді.
- Бағалы қағазға салынатын ерекше белгі: Банкнотты жарыққа ұстасаңыз, бағалы қағазға салынатын ерекше белгіні немесе Қаржы Министрі Александр Хамилтонның үлкен бейнесуретіне ұқсас көмескілеу ғана байқалатын бейнені көресіз. Бағалы қағазға салынатын ерекше белгі қағазға сіңірілген, банкноттың екі жағынан да байқалады. Іші бос сопақ шеңбер жаңа 10 долларлық банкнотаға бағалы қағазға салынатын ерекше белгінің орнын көрсету үшін енгізілді.
- Қорғаныс жібі: Банкнотты жарыққа ұстасаңыз, “USA TEN” қайталанып, майда басылған сөздерін көресіз. Ол вертикалды қағаздың ішімен бейнесуреттің оң жағына тартылған.

“Техногиялық жетістіктер біздің АҚШ валютамызға өскелең қорқыныш”, – дейді Қаржы Министрлігінің Ақша соғу және Баспа бюросының директоры Том Фергюсон. “Соңғы екі жыл ішінде шығарылған 20 және 50-долларлық банкноттарға сәйкес, осы жаңа 10-долларлық банкнот дизайны **жақсырақ қорғалған**, үйткені нақты ақша қолданушылармен және пайдаланушыларға тексеруге оңай, **тианақтылау**, жалған ақша жасаушыларды артта қалдыру үшін және **қауіпсіздеу**, АҚШ валютасының тұтастығын қорғау үшін арналған.

Топтаманың әр деноминациясы американ рәміз мағынасын білдіреді. Еркіндік статуясының алау бейнесі қызыл бояумен Қаржы Министрі Александр Хамилтон бейнесуретінен солға қарай, ал кішкене металдық қызыл алау оңға қарай орналасқан.

Конституциясынан алынған “We the People” сөздері де қызыл түспен Хамильтон бейнесуретінің оң жағында басылған. Кішкентай сары түсті ондықтар банкноттың екі жағында да орналасқан.

Тұтынушыларға өз ақшасының түпнұсқалылығын тексеру үшін түс қолданудың қажеті жоқ. Ал, енді жаңадан енгізілген түс жалған ақша жасаушыларға ақша жасауын қиындатады. Әр түрлі түстер құндылығы әр түрлі деноминацияларда қолданылады, өз-ара жеңіл ажыратуға көмектеседі, бұл әсіресе нашар көретіндерге қажет.

Программа туралы

Бүгінгі 10-долларлық банкнотын таныстыруымен, АҚШ үкіметінің қоғамдық білім программасы биік деңгейіне жетуде. Көптеген тегін білімдік материалдар, плакаттар, “Біреуін Ал” деген қолдану кітапшалар, даярлық видеолармен CD-ROMдар бизнес және кәсіптік қауымдастықтарға, қаржы мекемелерге, азаматтық қауымдарға және жеке адамдарға жетімді. Олар ақшаның жаңа дизайнын тану және жалған ақша жасаушылардан қорғану білімін беруде. Осы материалдар www.moneyfactory.gov/newmoney сайтынан жүктеуге немесе веб-сайт арқылы тегін тапсырыс беріп алуға болады. Үйрету материалдарын 24 тілде алуға болады.

2003 жылдан бері 62 миллионнан астам бизнес және басқа қауымдастықтардан нақты ақшамен жұмыс істейтін жұмысшылармен қызметкерлерді банкноттың жетілдірілген ерекше белгілеріне үйрету мақсатында білім материалдарға тапсырыс берілді.

Үкімет бағалауынша 10 мың нағыз банкноттардың ішінде тек 1-ге таяуы ғана жалған боп келеді. Алайда, көбінесе жалған ақша санды жолмен шығарылған. 1995 жылдан бері санды жолмен шығарылған жалған ақшалар АҚШ-та табылған жалған ақшалардың бір пайызынан 2004-ші жылы 54 пайызға өсті.

Жетілдірілген ерекше белгілері, қияңқы құқық қызметкершілік, халықты жалған ақшадан ажыратуды үйрету бағдарламалары арқылы жалған ақша жасауды төмен деңгейге тежеуде.

Өткен онжылдықта сандық аспаптар қоғамда қалың тарай бастады, соның салдарынан сандық әдіспен жасалған жалған ақшаның саны өсе түсті. Технология жетістіктері ақшаларды санды жолмен қолдан жасауды оңайлатып, арзанға түсіретіндіктен, жалған ақша жасаушылардың алдын орау үшін үкімет валютаны әрбір жеті жылдан он жылға дейінгі аралықта қайта үлгілеуді күтуде. 5-долларлық банкноттың сыртқы өңін өзгертуі әлі де қарастырылуда, 2 және 1-долларлық банкноттардың сыртқы өңін өзгерту көзделмеген.